



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 59 (8446) Сенбі 4 маусым 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

СЕМИНАР КЕҢЕС

ГЕРМАНИЯ САРАПШЫЛАРЫ АУДАНЫМЫЗДА



Өткен жылдың қазан айының соңында елімізде «Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы» заң қабылданғаны белгілі. Аталмыш заң аясында біршама оңды экономикалық жетістіктерге жету мүмкіндіктері ашылып отыр. Кооператив ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, ауыл шаруашылығы өнімдері мен оны қайта өңдеу өнімдерін алу, машина-трактор паркінің қызметтерін пайдаланып, өзіндік құн бойынша кооперативте өз өнімін қайта өңдеу мүмкіншілігіне ие болуда. Жыл басынан бері заңның қолданысқа енуіне байланысты «Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми зерттеу» институтының ғалымдары облысымызға арнайы келіп, облыс аудандарында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Түсіндіру жұмыстарының арқасында атқарылған жұмыстар өз нәтижесін беріп, өңірде біршама өндірістік кооперативтер құрылды. Бүгінгі күні көршілес Жамбыл ауданында 30 ұсақ шаруашылық 3 ірі кооперативке біріксе, біздің ауданда бір ауыл шаруашылығы кооперативі мен

қант қызылшасын дамыту бойынша үш ауыл шаруашылығы кооперативіне ұсақ шаруашылықтар бірігу үстінде.

Осыған орай, аптаның сәрсенбісі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында «Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінде пилоттық жобаларды ұйымдастыру» мәселесіне арналған семинар кеңес болып өтті.

Облыс әкімдігі ауыл шаруашылығының ұйымдастыруымен өткен семинар жұмысына Германия елінің сарапшысы, Райффайзен кооперация одағының мүшесі, профессор У.Шене, «Қазақ-Герман аграрлық-саяси диалог» өкілі Р.Дитхард, «Қазақ АӨК экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ҒЗИ» ЖШС-нің бөлім меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы Ғ.Әкімбекова, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, «ҚазАгро» ҰК, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдері, облыстық мемлекеттік органдардың басшылары және аудан әкімдерінің орынбасарлары, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшылары, ауылдық округтердің әкімдері мен шаруашылық жетекшілері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан семинар жұмысына облыс әкімінің орынбасары А.Нұралиев төрағалық етті.

Абдалы Тоқбергеновты Елбасы Жарлығымен қабылданған «Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы» заңы аясында өңірде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы баяндай келе, кеңестің күн тәртібіне шығарылатын мәселелерді және келген қонақтарды таныстырып өтті.

Бұдан кейін кеңес жұмысында сөз алған «Қазақ-Герман аграрлық-саяси диалог» өкілі Рудерт Дитхард кооператив құру жайлы өз ойын ортаға салса, Германия елінің сарапшысы, Райффайзен кооперация одағының мүшесі, профессор У.Шене «Кооперативтің жұмыс принциптері мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету» тақырыбында баяндама жасады. Өз баяндамасын аудармашы арқылы жеткізген профессор Уве Шене өз еліндегі ауыл шаруашылығы кооперативтерін құрудың тиімділігі мен оның шаруа қауымға беретін мол мүмкіндіктері жөнінде кеңінен әңгімелеп

жобаларды ұйымдастыру» тақырыбында баяндама жасап, кооперативтерді қалыптастырудың тетіктеріне тоқталды.

Осы басқосуда облыс әкімінің жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Е.Райымбеков, облыстық әділет департаментінің бөлім басшысы Ш.Тұтқышова, «Қазақ Агро» Холдингі АҚ-ы еншілес мекемелерді дамыту және талдау департаментінің директоры А.Қожахметовтер өз салалары бойынша хабарлама жасап, семинар қатысушылары тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берді. Сонымен қатар, семинарда ауданда алғашқы болып құрылған «Жеті төбе» АӨК-нің өкілі Г.Нұржігітова, «Жадыра» АӨК-нің өкілі Г.Дәулетбаевалар сөз алып, кооперативке бірігу барысында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

Семинар жұмысын қорытындылаған А.Нұралиев ұсақ шаруаларды біріктіру арқылы ірілендіру мақсатында атқарылатын



берді. Профессор У.Шененің баяндамасы семинар қатысушыларының қызығушылығын тудырса, олардың бірқатары көкейде жүрген сауалдарына түшымды жауаптар алды.

Сондай-ақ, кеңес барысында «Қазақ АӨК экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ҒЗИ» ЖШС-нің бөлім меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы Ғалия Әкімбекова «Жамбыл облысындағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінде пилоттық

істердің алдағы уақытта да өз жалғасын табатындығын жеткізді.

Түс ауа семинар кеңес қатысушылары «Жадыра» және «Жеті төбе» АӨК шаруашылықтарында болып, олардың қазіргі таңда атқарып жатқан жұмыстарымен танысып, өзара пікір алмасты.

М.МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

БАЛАЛАР ЛАГЕРЬГЕ АТТАНДЫ

А.ҚАЙЫПНАЗАРҚЫЗЫ,
«Ауыл жаңалығы».

Жадырап жаз келді. Жазбен бірге оқушылар да демалысқа шықты. 2016 жылдың жазғы сауықтыруына биыл ауданда 16535 бала қамтылуда. Нақтылап айтсақ, мектеп жанындағы ыстық тамақпен қамтылатын



жазғы лагерлерге - 1335, демеушілер тарапынан - 5236, тамақ ішуді ұйымдастырмайтын мектеп жанындағы лагерлерге - 9658 және «Балдәурен», «Бөбек» сауықтыру орындарына 6 оқушы тартылып отыр.

Жазғы демалыста балалардың бос жүрмеуі де

маңызды. Бұл мақсатта жастарды еңбек отрядтарына қабылдау, түрлі экскурсиялар мен туристік саяхаттар ұйымдастыру көзделуде.

Қазірдің өзінде еңбек жасақтарына өз еріктерімен 2554 оқушы тіркелсе, мектептер мен мектептен тыс мекемелердегі әртүрлі үйірмелерге қатысуға 5376 жасөспірім ниет білдірген. Ал, туристік саяхаттар мен экскурсияларға 934 оқушы қатыстырылмақшы.

Иә, барлығы да балалардың бақыты үшін ғой. Жалпыға міндетті қор есебінен бөлінген қаражатқа осы аптаның сәрсенбісі күні аудан мектептерінен барлығы 300 оқушы Жуалы ауданы, «Берікқара шатқалында» орналасқан «Тау самалы» лагеріне аттанып кетті.

- «Қала сыртындағы лагерге қамқоршысынан айырылған немесе аз қамтылған, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балалар мен мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер қамтылды. Аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің еріп жүруімен бірнеше автобустарға орналастырылған оқушылар дінтеген жерге дін аман жетті. Ондағы қызмет түрлері балақайларды қатты қуантып отыр. Жайлы әрі оқушылардың дем алуына ыңғайлы «Тау самалы» лагері ұл-қыздарға ұмытылмастай әсер сыйлайды деген ойдамыз. 10 күнге арналған демалыста олар қызықты ойындар ойнап, суда шоғылып, денелерін шынықтырып, білімдерін шыңдап қайтатынына сенімдіміз», дейді аудан әкімдігі білім бөлімінің әдіскері Индира Спаналиева.

Манифест «Мир. XXI век»

МИР БЕЗ ВОЙНЫ

Н.БАЙЖАНОВА,
Почётный гражданин
Байзакского района.

Манифест «Мир. XXI век»
Президента страны, озвученный
перед политическими деятелями
в США, нашёл отклик в наших
сердцах, не оставив никого
равнодушным.

Мы живём в век развития новейших технологий, информационного пространства, науки, когда цивилизация шагнула далеко вперёд, когда, казалось бы, мы достигли наивысшего развития во всех направлениях общественной жизни. И несмотря на то, что мир пережил две мировые войны вирус войны продолжает отравлять международную обстановку. Гонка вооружений, рост конфликтности в международных отношениях, всплески военных конфликтов то здесь, то там, умножение потенциала военно-промышленного комплекса, говорят о том, что третья мировая война может стать реальностью и стать последней на нашей планете.

Поэтому призыв Н.А.Назарбаева к объединению для разработки стратегии, основанной на диалоге и конструктивных переговорах между лидерами мировых сообществ, прозвучал весьма своевременно. И небезосновательно. Доказательством этого является то, что мудрая политика Главы нашего государства доказала: только благодаря миру и стабильности наша страна смогла за 25 лет независимости добиться тех огромных успехов, свидетелями которых сегодня мы являемся. Благодаря межнациональному и общественному согласию, воспитанию духа уважения и дружбы между представителями разных этносов – мы добились многого. Своё отношение к войне наша страна продемонстрировала ещё 20 лет назад, сообщив мировому сообществу о своём ядерном разоружении. Это говорит о многом.

Надеюсь, что «Мир. XXI век», сможет поставить точку в бесконечных конфликтах, остановить войну и заставит людей ценить жизнь.

Балдырға қуаныш сыйлады

ЖҰМЫР ЖЕР БЕТІНДЕГІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІН КЕҢІНЕН ТОЙЛАП КЕЛЕДІ. ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ 15 МАМЫРЫ МЕН 15 МАУСЫМЫ АРАЛЫҒЫНДА ЕЛІМІЗДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «НҰРЛЫ БОЛАШАҚ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ АЯСЫНДА АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ АҚӘДІЛ СУХАНБАЕВ АТЫНДАҒЫ САЯБАҚТА “ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ-НҰРЛЫ ЖОЛМЕН!” АТТЫ КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілген шарада сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары С. Кенжебаев балаларға бақытты балалық шақ, ашық аспан, дендеріне саулық тілеп, төл мерекелерімен құттықтады.



Аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы Д. Усқумбаева болса еліміздің үкілеген үміті-балаларға жан-жақты қамқорлық жасалып жатқандығын, әрбір балаға құрметпен және қамқорлықпен қарау, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың маңызын айтып, мықты денсулық тіледі. Аудандық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Т. Кадимова болса жыл сайын тойланатын аталмыш мереке балаларға мол қуаныш сыйлайтындығын айтты.

Жиналған қауым мен балалар аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығының “Тәуелсіздік бақытты ұландары” атты концерттік бағдарламасын тамашалады. “Шанырақ” театр үйірмесінің өнерпаздары сахналаған “Тәуелсіз елдің бақытты ұландары”



атты қойылымдағы басты кейіпкер-Ер Төстік Самұрық құстың күн бейнелі алтын жұмыртқасын әкелу үшін алыс сапарға

аттанып, жолда Таусоғар, Сакқұлақ, Желаякқа кездесіп, олардың көмегі арқылы Мыстанның қолындағы алтын жұмыртқаны алып, алдағы мақсатына жеткендігін тамашалады. “Жалын” тобы “Қазақстан”, “Папури” әндерін әуелете шырқады.

Мұнымен қатар жиналған қауым “Балалар арбаты” атты көпшілік көрмесінде жас қылқалам шеберлерінің туындыларымен танысты. Мүмкіндігі шектеулі балалар

мольбертте сурет салудан сынға түсіп, қылқаламның күдіретін танытса, “Бақытты балалық шақ” атты мерекелік ән-сазды бағдарлама аясында халық әндерімен қатар эстрадалық әндер Сарыкемер аспанын ән мен күйге бөледі.

Осы күні аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, аудандық іскер әйелдер қауымдастығының және білім бөлімінің мұрындық болуымен 1300 дана балмұздақ, төттілер балаларға тегін таратылды.

ТОП ЖАРҒАН-ӨРЕНДЕР

Осы күні аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің

үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі қызметкерлерінің ұйытқы болуымен 25 мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер алдымен аудандық музейде болып, тарихи жәдігерлерді, құнды бұйымдарды көзімен көріп, туған өлкеміздің тарихымен танысты. «Көркемсурет балалар» мектебінің ұйымдастырған сурет көрмесін тамашалап, «Сикырлы қарандаш» атты сурет сайысына қатысты. Аталмыш байқауда Асланоглы Мұстафа бірінші орынды, Жұмажанова Жанат екінші орынды, Юсупова Түрсынбай үшінші орынды

иеленіп, Грамоталармен марапатталса, белсене қатысқаны үшін Әбдімомунов Дәулет пен Өтегенов Бектемірге Алғыс хаттар табыс

етілді. Аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А. Омаровтың ұйымдастыруымен және демеушілігімен өткен спорттық сайыстарда: қол күресінен Кавазова Райхан, Қалдар Нажибулла, Давлетназаров Пирназар, Қалдар Насима, ал доп лақтыру жарысында Қалдар Жалел, Мейрханұлы Аян, Болысбекұлы Бекнұр, Абдуалиева Аяулым, Асылбек Дінмұхамед, Ермұрат Каусар, Әбдіманат Ақжол жұлділ орындарды иеленіп, сый-сияпаттарға ие болды.

Сондай-ақ, асық атудан жарыс өтіп, топ жарғандар марапатталды.

“СӘБИЛЕРГЕ ТУҒАН - ЕЛ ШУАҒЫ”

атты қайырымдылық акциясы аудан орталығындағы “Балдырған” балалар бақшасында да өзіндік өрнекпен өтті. Акцияны бақшаның меңгерушісі Т. Кадимова



ашып, ата-аналармен қатар балғындарды мерейлі мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Акция ажарын ән мен би, жыр мен күй келтірді. “Күншуақ” тобы-қазақ, “рокн-ролл” билерін, “Краски” тобы - “папы и мамы” биін, “Ботакандар” тобы-достық биін, “Балдырған” тобы-спорттық биін билеп, көрермендерді тәнті етті. “Ботакандар” мен “Ертегілер” топтары тақпақтардан шашу шашты.

Шара соңында ата-аналар атынан сөз алған Ш.Сыздықбаева жиналғандарды мерекемен құттықтап, бақша басшысы мен қызметкерлеріне табыс тілеп, өзінің отбасы атынан қайырымдылық акциясына үлес қосты.

Мереке құрметіне орай бүлдіршіндерге тегін төттілер мен балмұздақтар таратылды.

МӨРТТІГІН КӨРСЕТТІ

Қайырымдылық-қоғамға қажетті құндылық. Жақсы істің жаршысы болып келетін қайырымды жандардың бірі- “Жастар денсаулығын қорғау орталығының” жетекшісі С.Бөлітірікова жылдағы дәстүр бойынша өзінің отбасы атынан 25 мүмкіндігі шектеулі балаларға төттілер салынған қапшықты табыстап, мәрттігін көрсетті.

«Жерде бір бала қуанса, көкте жүз періште қуанады» дегендей, төл мерекелерінде бөбектер үлкендердің көрсеткен қамқорлығына мәз мейрам болды.

Өз тілшіміз.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бейсенбі күні аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы демографиялық саясат жөніндегі кеңестің кезекті мәжілісі өтті.

Оны аталмыш комиссияның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев ашып, жүргізіп отырды.



Отбасы - адамзаттың баға жетпес байлығы. Ол барлық заманда даму мен тұрақтылықтың негізгі факторы, мемлекеттің нығаюы мен халықтың әл-ауқатының жақсаруына тікелей әсер етуші және көмекші құрал болып табылды, - дей келіп, Сағиндық Жұмағұлұлы Көктал ауылдық округінде тұратын, отбасында еңгелі ұрпақ өсірген, көп балалы ана Р.Рапишеваға Алғыс хатты табыстады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе- “Адамгершілік және жыныстық жағынан тәрбиелеу мен ерте жүктіліктің алдын алу шаралары туралы” аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Г. Мамырбаева, “Отбасындағы және жұмыс орнындағы зорлықты жоюға ерлерге, әйелдерге және балаларға қатысты зорлықтың алдын алу мақсатындағы шаралар жөнінде” аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің

әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау бойынша аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Т. Нұрғалиқызы баяндады.

Баяндамашы өз сөзінде аудандық ішкі істер бөлімінде әйелдерге қатысты қылмыс құрамы бар құқық бұзушылықтарды талдау және статистикалық мәліметтерді саралау барысында 2016 жылдың 1 қантарынан бастап, барлығы 44 (2015 жылы -65) қылмыс тіркелгендігін, ал ҚР ҚК-нің 120 бабының 1 бөлігі бойынша 3 қылмыс, ҚР ҚК-нің 107 бабының 1 бөлігі бойынша 1 қылмыс сотқа дейінгі тергеу тексеру амалдары жүріп жатқандығын тілге тиек етті.

Жалпы әйелдерге қатысты жасалған қылмыстар отбасындағы жанжалдар мен ер-азаматтардың маскүнемдікке салыну, қызғаншақтық пен жұмыссыздықтан орын алатындығын баса айтып, зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге психологиялық көмек беретін ауданда 7 психологқа, сондай-ақ, аудандық емханада “Жастар денсаулығын қорғау орталығында” 7-91-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайтын болғандықтан, соған жүгінуге болатындығын жеткізді.

Мәжіліс барысында “Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында жастарды спорт мектептеріне тарту шаралары жайында” аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ә.Омаров, “Қазақстан жана жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму” атты Жолдауын іске асыруға әйелдердің қатысуы белсенділігі туралы” аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Махамбетов хабарлама жасады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер жан-жақты талқыланды, тиісті қаулы қабылданды.

Өз тілшіміз.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ

Д.СҰЛТАНБЕКОВ, аудан әкімінің орынбасары.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» және «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Жолдауларында: «Аграрлық секторды инновациялық тұрғыда дамыту, азық-түлікке деген қажеттілікті төмендету, фермерлерді қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейту біздің басты міндетіміз болуы тиіс» деп атап көрсеткендігі мәлім.

Елімізде өндіріс орындарымен қатар, ауыл шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Халықтың, ауыл тұрғындарының әл-ауқатының жағдайы мен аумақтың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуі негізінен ауыл шаруашылығының дамуымен тікелей байланысты екені баршамызға белгілі.

Ауданның экономикалық негізгі бөлігі ауыл шаруашылығы секторына тиесілі болғандықтан аудандағы ауыл шаруашылығын жүргізуші субъектілердің басым көпшілігі дәнді дақылдармен қатар көкөніс, бақша, майлы дақылдар және мал шаруашылығымен айналысып келеді.

Соңғы жылдары орын алған экономикалық қиыншылықтарға қарамастан, ауыл шаруашылығы саласында тұрақтылық байқалып отыр.

Аудандағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жалпы жер көлемі 168859 гектар құраса, оның ішінде, егістігі 57240 гектар, оның 28497 га суармалы, 28743 га тәлімі, 2937 га шабындық, 106968 га жайылым, 1714 га бөгде жерлер.

“2016-2020 жылдары өңірлерді дамыту” бағдарламасының жоспарына сәйкес, ағымдағы жылға күздік бидай-6000 гектарға, жаздық арпа-6300 гектарға, дәндік жүгері -2000 гектарға, мақсары-6040 гектарға, күнбағыс-100гектарға, қант қызылшасы-2000 гектарға, картоп-600 гектарға, көкөністер-5240 гектарға, бақша-1800 гектарға, ескі көпжылдық шөп-16360 гектарға, жаңа көпжылдық шөп - 4400 гектарға орналастыру жоспарланған. Барлық егілетін жер - 50840 гектарды құраса, бұл өткен жылдың жоспарымен (50100 га) салыстырғанда 740 гектарға артық.

Ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері көктемгі егіс дала жұмыстарын сапалы және тынақты, сонымен қатар, ауыл шаруашылығы дақылдарын қолайлы мерзімде және уақытылы егу мақсатында қолда бар ауыл шаруашылығы техникаларын дайындап, дайындалған техникалар көктемгі егіс дала жұмыстарын кезек-кезеңмен атқаруда.

Бүгінгі күнге көктемгі дала жұмыстарында 19870 га жер жыртылып, 27980 га дақыл егуге дайындалса, 7000 га арпа, 5400 га жоңышқа, 5240 га көкөніс, 4270 га майлы дақылдар, 695 га картоп, 1930 га бақша, 2000 га дәндік жүгері және 1007 га қант қызылшасы егіліп отыр. Сонымен бірге, 2016 жылдың өнімі үшін аудан аумағына егілетін 2000 гектар қант қызылшасы бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Ауылдық округ әкімдеріне белгіленген қант қызылшасының жоспарын орындау мақсатында қант қызылшасы үшін көтерілген сүдігер көлемін қайта анықтау, егетін шаруашылықтарды нақтылау мақсатында қант қызылшасы егілетін ауылдық округтерде шаруашылықтармен түсіндіру жиналыстары өткізілді.

Бүгінгі күнге 38 шаруа қожалық қант қызылшасы тұқымының 1526 себу бірлігін келісім-шарт жасап алып, 1007 гектар қант қызылшасы себілді. Атап айтар болсам, «Ние» шаруа қожалығы 250 гектарға, оның 100 гектары тамшылатып суару тәсілімен, «Талап» шаруа қожалығы 100 гектарға тамшылатып суару тәсілімен, «Қазаки» шаруа қожалығы 50 гектарға, «Яшар» шаруа қожалығы 30 гектарға және тағы басқа да шаруа қожалықтар 5-20 гектардан қант қызылшасын егіп, өзгелерге үлгі болып отырған жайы бар.

Аудан шаруаларын қолдау мақсатында Франциядан «Авантаж» сұрпыты қант қызылшасының тұқымы әкелініп, күзгі өнімге дейін қарызға берілді. Оған қоса, осы тұқымының 70 пайызы субсидияланады деп күтілуде. Бұдан бөлек үстіміздегі жылы қант қызылшасын өсірген диқандар мен қант қызылшасын қабылдау орны екіжақты келісім-шартқа отырды. Нәтижесінде, тәтті түбірдің бір келісі 17 теңгеден қабылданатын болады. Осындай қолдаулар диқан қауымының қант қызылшасын егуге деген қызығушылықтарын ұлғайтары сөзсіз.

Олай болса, барша аудан дихандары ертеңгі күнгі еңбегінің жемісін көре алмай қаламын деген ойдан аулақ болып, қант қызылшасын егу жұмыстарына белсене атсалысады деп ойлаймын.



ҮЛГІЛІ МЕКТЕБІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

А.ШОТБАСОВА, «Ауыл жаңалығы».

Кезекті оқу жылы тәмамдалып, барлық білім ордаларында келесі оқу жылына дайындық басталып кетті. Маусым айының басында мектептердегі құрылыстың қарқыны күшейе түсуде. Биыл біздің ауданымызда орталықтағы Қазақстанның 40 жылдығы, Н.Кіикбаев, Үлгілі ауылдық округіндегі Үлгілі орта мектептері күрделі жөндеуден өткізілуде.

1966 жылы пайдаланылуға берілген Үлгілі орта мектебі талай түлектерді түлеткен киелі қара шаңырақ. 50 жылдай тарихы бар білім ордасына осыған дейін ағымдағы жөндеулер жүргізіліп келген. Есік-терезесі ескіріп, сыныптарының ескілік байқалатын мектеп толықтай жөндеу жүргізуге сұранып-ақ тұр еді. Ақыры, бұл іс те қолға алынып, бүгінде мұнда жұмыстың бастапқы шаралары атқарылуы үстінде.

Ұлттық қордан бөлінген 93 млн. 135 мың 384 теңге 416 тыңға Үлгілі орта мектебінің шатыры ауыстырылып, терезе, есік, едені жаңадан қойылады. Электр, жылу жүйелері жаңартылады. Бұл жұмыстарды жүргізу үшін байқауда жеңімпаз болған мердігер компания «Пырақ Құрылыс» ЖШС-нің жұмысшылары қазіргі таңда мектептің спорт залын жөнге келтіруде.

Құрылыстың прорабы Христофор Алексеевичтің айтуына қарағанда істің басында бүгінде барлығы 10 жұмысшы жұмыс істеп жатыр. Олардың басым бөлігі жергілікті тұрғындар, алда жұмыстың барысына қарай оларды көбейту жағы да ойластырылуда.

Жалпы, Үлгілі орта мектебінде 380 оқушы білім алады. Үстіміздегі оқу жылында 12 ұл-қыз 11-сыныпты бітіріп, үлкен өмірге жолдама алса, келер жылы 80-нен аса бала мектеп табалдырығын аттамақшы. Оқушыларға 50-ге жуық ұстаз білім береді. Енді міне, алдағы оқу жылын мектеп ұжымы жаңаланған ғимаратта қарсы алмақшы.

(Ожюанаше. Начало на 3-й стр.).

Специальность – физическая культура и спорт или экономика.
Знание «Стратегии «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства», Закона Республики Казахстан «О физической культуре и спорте», нормативно-правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в области, соответствующих специализации конкретной должности данной категории.

6. Руководитель документационного структурного подразделения аппарата акима Байтөрісского сельского округа Байтөрісского района (временно, до выхода основного работника), корпус «Б» (№32-03-01), / категория Е-Г-3/.

Должностные обязанности:
Организация и руководство работой отдела. Обеспечение исполнения документации аппарата согласно инструкции и нормативных актов. Контроль за своевременной регистрацией входящей и исходящей документации и заявлений, их своевременное исполнение. Осуществление контроля за своевременным выполнением малообеспеченных лиц для начисления адресной социальной помощи. Координирует работы по стандартам оказания государственных услуг и призыву молодежи в ряды Вооруженных Сил на территории сельского округа. Контроль за оформлением архива, согласно утвержденного стандарта. Прием граждан по личным вопросам. Исполнение других поручений руководства. Контроль за своевременным исполнением постановлений районного и областного акиматов, постановлений, решений, распоряжений и других нормативно – правовых актов, поступивших из вышестоящих органов. Обеспечение документооборота аппарата акима сельского округа согласно инструкции.

Требования к участникам конкурса:
Образование – в сфере социальных наук, экономики и бизнеса или в сфере технических наук и технологий, или в сфере образования, или в сфере права.
Специальность – экономика или финансы или государственное и местное управление или архивоведение, документоведение и документационное обеспечение или информационные системы или в сфере образования (общая) или юриспруденция.

Знание «Стратегии «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства», Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О государственной адресной социальной помощи», «О культуре», Земельного Кодекса Республики Казахстан, Трудового Кодекса Республики Казахстан, нормативно-правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в области, соответствующих специализации конкретной должности данной категории.

7. Главный специалист – делопроизводитель аппарата акима Байтөрісского сельского округа Байтөрісского района, (№ 32-03-02), / категория Е-Г-3/.

Должностные обязанности:
Подготовка плана и регламента работы аппарата. Контроль за трудовой и исполнительской дисциплиной работников аппарата. Обеспечение исполнения в аппарате инструктора в соответствии с требованиями нормативных актов. Планирование работы аппарата акима сельского округа, прогнозирование, организация, проведение, обеспечение входящих и исходящих документов в соответствии с инструкцией.

Требования к участникам конкурса:
Образование – в сфере социальных наук, экономики и бизнеса или в сфере технических наук и технологий, или в сфере образования, или в сфере права.
Специальность – экономика или финансы или государственное и местное управление или архивоведение, документоведение и документационное обеспечение или информационные системы или в сфере образования (общая) или юриспруденция.

Знание «Стратегии «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства», Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О государственной адресной социальной помощи», «О культуре», Земельного Кодекса Республики Казахстан, Трудового Кодекса Республики Казахстан, нормативно-правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в области, соответствующих специализации конкретной должности данной категории.

8. Главный специалист – бухгалтер аппарата акима Байтөрісского сельского округа Байтөрісского района, (№32-04-02), / категория Е-Г-3/.

Должностные обязанности:
Ведение финансово – расчетных операций аппарата акима округа, своевременное предоставление отчетов соответствующим органам. Планирование расходов. Организация качественного и полного освоения выделенных средств. Ведение учета материальных ценностей аппарата акима сельского округа. Контроль за своевременной выплатой заработной платы и других выплат работникам.

Требования к участникам конкурса:
Образование – в сфере социальных наук, экономики и бизнеса.
Специальность – экономика или учет и аудит или финансы или организация и нормирование труда.
Знание «Стратегии «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства», Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», нормативно-правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в области, соответствующих специализации конкретной должности данной категории.

9. Главный специалист – бухгалтер аппарата акима Костюбинского сельского округа Байтөрісского района, (№ 23-04), / категория Е-Г-3/.

Должностные обязанности:
Ведение финансово – расчетных операций аппарата акима округа, своевременное предоставление отчетов соответствующим органам. Планирование расходов. Организация качественного и полного освоения выделенных средств. Ведение учета материальных ценностей аппарата акима сельского округа. Контроль за своевременной выплатой заработной платы и других выплат работникам.

Требования к участникам конкурса:
Образование – в сфере социальных наук, экономики и бизнеса.
Специальность – экономика или учет и аудит или финансы или организация и нормирование труда.
Знание «Стратегии «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства», Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», нормативно-правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в области, соответствующих специализации конкретной должности данной категории.

10. Главный специалист аппарата акима Костюбинского сельского округа (№ 23-05), / категория Е-Г-3/.

Должностные обязанности:
